

**Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму
министрлігі, Қазақстан Республикасы Көмір өнеркәсібінің Жұмыс
берушілері мен Салалық кәсіподақтары арасындағы
2021-2023 жылдарға арналған
САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Салалық келісім (бұдан әрі – Келісім) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік), Қазақстан Республикасы Көмір өнеркәсібінің жұмыс берушілері (бұдан әрі – Жұмыс берушілер) мен Салалық кәсіподақтары (бұдан әрі – Кәсіподақ) арасында 2021-2023 жылдарға жасалған.

2. Осы Келісімнің күші Келісім тараптарына қолданылады, олар: Министрлік, Кәсіподақтар және Жұмыс беруші болып табылады.

3. Осы Келісім әлеуметтік, еңбек және олармен байланысты экономикалық қатынастарды реттеудің жалпы қағидаттарын, тараптардың өзара міндеттемелері мен жауапкершілігін айқындайтын, көмір саласы кәсіпорындарының Жұмыскерлері үшін қосымша әлеуметтік және еңбек кепілдіктерін белгілейтін, сондай-ақ тараптар мүдделерінің оңтайлы теңгерімін қамтамасыз ететін құқықтық акт болып табылады. Министрлік пен Жұмыс беруші Кәсіподақты, ал олар болмаған жағдайда Жұмыскерлердің сайланбалы өкілдерін көмір саласы Жұмыскерлерінің еңбек, әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғаушылар деп таниды.

4. Осы Келісім Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы Бас келісімге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық еңбек ұйымының Конвенцияларына сәйкес жасалды.

5. Осы Келісім 2021-2023 жылдарға жасалды, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және 2023 жылғы 31 желтоқсанды қоса алған мерзімге дейін қолданылады.

6. Осы Келісімнің қолданылу кезеңінде Тараптардың әрқайсысы оны өзгерту және толықтыру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқылы, олар барлық тараптардың келісімі бойынша ғана қабылдануы мүмкін. Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімге қосымшамен ресімделеді және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

7. Тараптардың ешқайсысы осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындауды біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы емес.

Экономикалық-қаржылық себептер бойынша сала кәсіпорындарының бірі осы Келісімнің шарттарын орындауы мүмкін болмаған кезде Тараптар бірлескен отырыста осы Келісім шарттарының жекелеген тармақтарын осы кәсіпорынға қатысты уақытша тоқтата тұру не өзгерту туралы шешім қабылдайды.

8. Осы Келісімнің қолданылу кезеңінде қабылданған, Жұмыскерлердің жағдайын жақсартатын нормативтік құқықтық актілер осы Келісімнің тиісті тармақтарының қолданысын кеңейтеді.

Нормативтік құқықтық актілерде Жұмыскерлердің жағдайы нашарлаған жағдайда, өзгерістер енгізу қажеттілігі осы Келісімде белгіленген тәртіппен қаралады.

9. Тараптар тең құқылы негізде қажетті өкілеттіктер берілген Министрлік, Кәсіподақтар және Жұмыс берушілер өкілдерінің қатарынан келіссөздер жүргізу, осы Келісімді дайындау, жасасу және оның орындалуын бақылау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Осы Келісім Тараптарының өкілдері арасында туындайтын келіспеушіліктерді реттеу, көмір саласындағы бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды қарау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін Салалық комиссия (бұдан әрі – салалық комиссия) құрады.

2. Тараптардың міндеттемелері

1. Тараптар осы Келісімде көзделген әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктер мен кепілдіктер Тараптар үшін міндетті болып табылатынын және ұжымдық шарттарда немесе Жұмыс берушінің актілерінде нашарламайтынын мойындайды. Бұл ретте ұжымдық шарттарда қосымша әлеуметтік кепілдіктер көзделуі мүмкін.

2. Тараптар әлеуметтік әріптестікті және тең құқықты сындарлы диалогты жан-жақты дамыту басым бағыт болып табылатынын және оны іске асыруға Тараптардың пікірлері мен мүдделерін объективті ескеру негізінде барлық деңгейлерде келіссөздер, консультациялар арқылы қол жеткізілетінін мойындайды.

3. Тараптар еңбек ұжымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал тудыруға жәрдемдеседі және жеке әрі ұжымдық еңбек дауларының профилактикасы мен алдын алу, әлеуметтік-еңбек жанжалдары мен ереуілдердің алдын алуға және оларды болғызбауға бағытталған іс-шараларды өткізу бойынша бірлескен шаралар қабылдайды.

4. Өндірісті жаңғырту мен өсуін ынталандыруға, көмір саласына жаңа технологияларды енгізуге, Жұмыскерлердің табысын өсіруге бағытталған экономикалық саясатты жүргізеді.

4.1. Көмір саласын ойдағыдай дамытуға жәрдемдеседі.

4.2. Темір жол көлігімен көмір тасымалдау бағасының негізсіз өсуін тежеуге ықпал етеді.

4.3. Көмір саласына инвестициялар мен жаңа технологияларды тартуға шаралар қолданады.

4.4. Көмір саласының стандарттарын енгізу және тауарларды сертификаттау бойынша жұмыстар жүргізеді.

4.5. Білікті кадрларды даярлау жүйесін жетілдіреді.

5. Сала кәсіпорнында әртүрлі салалық кәсіподақтарға кіретін бірнеше кәсіподақ болған жағдайда, олар ұжымдық шартты талқылау және оған қол қою

жөніндегі комиссияның жұмысына қатысу үшін осы кәсіподақтардан бірыңғай өкілдік орган құрады.

6. Тараптар осы Келісім және көмір саласының Жұмыскерлеріне ұжымдық шарттар бойынша жалақының және әлеуметтік кепілдіктердің бұрын қол жеткізілген деңгейін қамтамасыз етуге ниеттенеді.

7. Осы Келісімді және (немесе) ұжымдық шарттарды қайта жасасу (жасасу) кезінде Тараптар кәсіпорындардың өндірістік-экономикалық қызметін ескере отырып, осы Келісімді және (немесе) ұжымдық шарттарды қайта жасасу (жасасу) кезінде қолданылып жүрген жалақы деңгейін және әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктердің жалпы деңгейін және егер мұндай әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктер Жұмыскерлердің білікті персоналының кәсіпорыннан кетуіне әкеп соқпаса, қамтамасыз етеді.

8. Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның отырыстарында жұмыс берушілер мен кәсіпорындар кәсіподақтары өкілдерінің осы Келісімнің орындалу барысы туралы есептері тыңдалады.

9. Тараптар еңбек ұжымдарын әлеуметтік, еңбек және олармен байланысты экономикалық қатынастарды жетілдіру бойынша салада қолданылатын шаралар туралы хабардар етеді.

10. Тараптар Сала кәсіпорындарында тәлімгерлікті және еңбек әулеттерін дамытуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ цехтарда еңбек бәсекелестігіне ықпал ететін өндірістік конкурстарды, сондай-ақ учаскелерде және ауысымдарда еңбекті қорғау жөніндегі конкурстар ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жүргізеді.

11. Кәсіби немесе мемлекеттік мерекелер қарсаңында Тараптар ерекше көзге түскен қызметкерлерді мемлекеттік наградалармен, салалық құрметті атақтармен, төсбелгілермен және медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапаттауға ұсынады. Қаржылық жағдайға байланысты жұмыс беруші естелік сыйлықтарды және (немесе) ақшалай сыйлықтарды табыстауды көздейді.

12. Тараптар бірлесіп «Шахтер күні» кәсіби мейрамдарды мерекелеу жөніндегі іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады.

13. Кәсіби және мерейтойлық мейрамдарды мерекелеу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру рәсімі мен тәртібі ұжымдық шарт талаптарына сәйкес айқындалады.

14. Тараптар №№ 1 және 2 тізімдер бойынша ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін Жұмыскерлердің зейнетке шығу жасының (тиісінше 50 және 55 жаста) цензін төмендету жөніндегі жұмысты жалғастырады.

15. Салалық біліктілік шеңберлерін Министрлік Жұмыс берушімен бірлесіп әзірлейді және әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Салалық комиссия бекітеді.

Жұмыс берушілер міндеттенеді:

1. Кәсіподақтарға олардың сұрау салуы бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын ақпаратты қоспағанда, кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын қорғауға байланысты:

- өндірілетін өнімнің заттай мәндегі көлемі;
- өнімді өткізу көлемі;
- санаты бойынша жұмыс істейтін адамдардың саны туралы;
- санаты бойынша орташа жалақы туралы;
- еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар туралы;
- гендерлік және жастар саясаты туралы ақпарат беру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын ақпаратты қоспағанда, кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын қорғауға байланысты мәселелер бойынша басқа да ақпаратты беру.

2. Жұмыскерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау мақсатында Жұмыс беруші сала кәсіпорны кәсіподағының мынадай:

– 3 (үш) ай ішінде персонал санының 10 (он) пайыздан астам жаппай төмендеуіне әкелуі мүмкін іс-шараларды жүргізу;

– қолданыстағы жағдайлардың нашарлауына әкелетін кәсіпорындағы еңбекақы төлеу шарттарының өзгеруі;

– еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тиісті қағидалар мен нормалардан тыс Жұмыскерлерді тегін арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғаныш құралдарымен, сүтпен немесе оған теңестірілген тамақ өнімдерімен, емдік-профилактикалық тағаммен және жуу құралдарымен қамтамасыз ету мәселелері бойынша уәжді пікірін ескере отырып, актілер шығару;

– өзге мәселелер Ұжымдық шарттың талаптарымен айқындалуы мүмкін.

3. Жұмыс орнынан 3 (үш) километрден астам қашықтықта және қоғамдық көліктің қозғалыс маршруттары болмаған кезде Жұмыс берушінің қаражаты есебінен Жұмыскерлерлі жұмыс орнына және кері қарай қызметтік көлікпен тасымалдауды жүзеге асырады. Жұмыскерлердің тұрақты тұратын жері персоналды жеткізуді қамтамасыз ету көзделмеген жерге өзгерген кезде Жұмыскер көлікті жөнелту орнына дейін тасымалдауды қамтамасыз етуді өз міндетіне алады.

4. Кәсіподақ өкілдерінің Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, сала кәсіпорындары-Кәсіподақ мүшелері Жұмыскерлерінің еңбек құқықтары мен мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу кезінде олардың өндірістік объектілерге баруына, қалыпты еңбек жағдайларын зерделеу мен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауына кедергі келтірмеуге тиіс. Қоғамдық бақылау жүргізу кезінде Кәсіподақтардың өкілдері еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың, өнеркәсіптік қауіпсіздіктің белгіленген ішкі қағидаларын мүлтіксіз сақтауға тиіс.

5. Кәсіпорын өндірісінде қаза тапқан Жұмыскерлердің жесірлеріне көмірді тегін бөлу. Тұрғын үйі пешпен жылытумен жабдықталған Жұмыскерлер мен зейнеткерлерге көмір бөлу шарттары ұжымдық шарттармен айқындалады.

6. Кәсіподақ органдарына сайланбалы қызметке сайлануы салдарынан еңбек шарты бұзылған Жұмыскерлерге сайланбалы өкілеттігі аяқталғаннан кейін бұрынғы жұмысын (лауазымын), ал өл болмаған кезде – еңбек шартының

мерзімі шеңберінде жұмыскермен келісім бойынша басқа да тең жұмыс беруге міндетті.

7. Салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру немесе кәсіпорында тамақтану орындары арқылы Жұмыскерлердің лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау.

8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, осы Келісімде және ұжымдық шарттарда белгіленген Кәсіподақтар қызметінің құқықтары мен кепілдіктерін сақтау.

9. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша, сондай-ақ техникалық еңбек инспекторларының жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауға тексерулер жүргізуі бойынша Кәсіподақтармен бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асыру.

Кәсіподақтар міндеттенеді:

1. Жұмыскерлерге -Кәсіподақтар мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тегін заң консультацияларын беру, өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде мемлекеттік органдармен, жұмыс берушілермен, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен (қауымдастықтармен, одақтармен), өзге де қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Жұмыскерлердің өкілдері болу.

2. Осы Келісім мен ұжымдық шарт орындалған жағдайда, наразылық акциялары мен ереуілдер өткізбеу. Еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік шиеленісті төмендету, еңбек тәртібін нығайту, әлеуметтік-еңбек жанжалдары мен ереуілдердің алдын алу және болдырмау жөнінде шаралар қабылдау.

3. Сала кәсіпорындарында салауатты өмір салтын насихаттау, кәсіби сырқаттанушылықты төмендету, Жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қағидаларын сақтау бойынша жұмыс жүргізу.

4. Сала кәсіпорындарының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету, еңбек өнімділігін, тиімділігі мен сапасын, сондай-ақ Жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға жәрдемдесу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормаларын сақтау, еңбек және өндірістік тәртіпті нығайту.

5. Өз өкілдері арқылы кәсіпорын бөлімшелерінде Жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын, Кәсіподақтар мүшелерінің, сондай-ақ олардың мүдделерін білдіруге уәкілеттік берілген Жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен мүдделерін сақтауға қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Қоғамдық бақылау жүргізу кезінде Кәсіподақтардың өкілдері еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың, өнеркәсіптік қауіпсіздіктің белгіленген ішкі қағидаларын мүлтіксіз сақтауға тиіс.

6. Жұмыскерлерді әлеуметтік, еңбек қатынастары мәселелері бойынша қабылданған шаралар мен шешімдер туралы хабардар ету.

7. Жұмыскерлердің денсаулықты сақтау бойынша профилактикалық медициналық ұсынымдарды, нормалар мен қағидаларды орындауына жәрдемдесу.

8. Әлеуметтік әріптестік жүйесін салалық деңгейде дамытуға жәрдемдесу, әлеуметтік әріптестік мәселелерін, осы Келісімнің орындалу барысын, сондай-ақ әлеуметтік және еңбек жанжалдарының алдын алу және оларды шешу бойынша қабылданатын шаралар туралы мәселелерді жария етуді қамтамасыз ету.

9. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлармен бірлесіп өндірісте салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға қоғамдық бақылауды жүзеге асыру. Жазатайым оқиғаларды тергеуге, олардың алдын алу шараларын әзірлеуге қатысу.

10. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік, жеке еңбек дауларымен айналысатын Кәсіподақ өкілдерін осы салалардағы оң жұмыс тәжірибесін зерделеу және тарату арқылы оқытуды ұйымдастыру

11. Кәсіпорында ұжымдық шартты әзірлеуге және іске асыруға қатысу және оның орындалуын бақылауды жүзеге асыру.

12. Келіссөздер жүргізу және осы Келісім мен ұжымдық шарттар жасасу үшін алынған қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеу.

13. Кәсіподақтар осы келісімнің мазмұнын тиісті кәсіпорындардың жұмыскерлеріне жеткізеді.

Министрлік:

1. Тараптардың сұрау салуы бойынша саланың әлеуметтік-экономикалық жай-күйіне және дамуына қатысты материалдарды ұсынады.

2. Тараптарды Министрліктің алқа отырыстарына және басқа да іс-шараларға қатысуға шақырады.

3. Бірлескен іс-шараларды әкімшілік-құқықтық қамтамасыз етуді жүргізеді.

4. Делдал ретінде Жұмыс беруші мен Кәсіподақтар арасындағы даулы мәселелерді шешуге қатысады.

5. Кәсіподақтар мен Жұмыс берушілердің өкілдерін алқалы органның құрамына енгізуге және оларды әлеуметтік әрі еңбек қатынастарын қозғайтын саланың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау және қарау жөніндегі комиссиялар мен топтардың жұмысына қатысуға тартуға міндеттенеді.

6. Жұмыс берушінің және Кәсіподақтың өкілдерін ведомстволық комиссиялардың жұмысына, сондай-ақ Жұмыс берушілердің және (немесе) Жұмыскерлердің мүдделерін қозғайтын заңнамалық актілердің жобаларын дайындау және қарау бойынша Министрліктің жұмыс топтарының құрамына қатысуға тарту.

7. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес босатылатын Жұмыскерлерді жұмысқа орналастыру жөніндегі шаралар кешенінсіз Кәсіпорындарды таратуға жол бермеу., жалақы бойынша берешекті толық көлемде төлеу, өндірісте денсаулыққа келтірілген залалды өтеу

мәселелерін шешу және құқықтық мирасқорларға оларды одан әрі төлеуді нұсқау.

8. Осы Келісімді Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және Министрліктің интернет-ресурсында ресми жариялауға міндеттенеді.

3. Еңбек төлемі

1. Кәсіптік-біліктілік топтары бойынша еңбекақы төлеудегі сәйкессіздікті жою, Жұмыскерлерді өз біліктілігін арттыруға және еңбек өнімділігіне ынталандыру, жас буын үшін Шахтер кәсіптерінің тартымдылығын қамтамасыз ету мақсатында Жұмыс беруші төлемақы төлеу жүйесін жетілдіреді.

2. Бірінші разрядты Жұмыскердің айлық тарифтік мөлшерлемесінің (айлықақысының) ең төмен мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық жалақының ең төмен мөлшерінен кем болмауға тиіс. Бұл ретте ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін Жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу мөлшері төменде келтірілген салалық коэффициенттер ескеріле отырып, айқындалатын жоғарылатылған тарифтік мөлшерлемелерді (айлықақыларды) немесе қосымша ақыларды белгілеу арқылы, еңбек жағдайлары қалыпты жұмыстарда істейтін Жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеумен салыстырғанда жоғарылатылған мөлшерде белгіленеді:

- шахталардың, разрездердің бетіндегі, зауыттар мен фабрикалардағы коэффициент - **1.7**
- дренажды шахталарда жерасты жұмыстарындағы коэффициент - **2.2**
- дренажды шахталарда өткін жұмыстарындағы коэффициент - **2.3**
- 150 метрге дейінгі тереңдіктегі разрез жұмыстарындағы коэффициент - **2.0**
- 150 метрден астам тереңдіктегі разрез жұмыстарындағы коэффициент - **2.2**
- кентіректерді өңдеу бойынша шахта жұмыстардағы коэффициент - **2.2**
- шахтадағы жерасты жұмыстарындағы коэффициент - **3.5**
- көмір мен газдың кенеттен шығуымен қауіпті қабаттарда жұмыс істеу кезіндегі коэффициент - **4**

Ұжымдық шарттардың талаптарында салалық коэффициенттерге қосымша коэффициенттердің өзге де мөлшерлері немесе жоғарыда келтірілген еңбек жағдайларының сыныптамасында жұмыс орындарын аттестаттау немесе басқа да техникалық өлшеулер мен қорытындылар нәтижелері бойынша ауырлық, зияндылық және қауіптілік дәрежесі бойынша көзделмеген жұмыстармен айналысатын Жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін нақты жұмыс уақыты үшін қосымша ақылар белгілеудің өзге де шарттары көзделуі мүмкін.

3. Жерасты жұмыстарында тұрақты жұмыс істейтін Жұмыскерлерге жұмыс ауысымы басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жұмыс орнына дейін және кері қарай жүріп-тұруға байланысты уақыт, жұмыс орнынан тыс наряд-тапсырма алуды қоса алғанда, хронометраждық байқаулар негізінде белгіленеді және ұжымдық шартта айқындалған мөлшерде төленеді.

4. Ұжымдық шартта немесе Жұмыс берушінің актісінде жұмыстың вахталық әдісі кезінде жинау пунктiнен жұмыс орнына дейiнгi және керi қайтудағы уақыт төлемiнiң мөлшерi көзделуi мүмкiн

5. Жұмыс беруші мерзімнен тыс жұмыс үшін (уақытына қарай және кесімді еңбекке ақы төлеу кезінде), мереке және демалыс күндеріндегі, түнгі уақыттағы жұмыс үшін еңбекке ақы төлеуді Ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес жоғарлатылған мөлшерде жүргізеді.

6. Жұмыс беруші жалақыны толық көлемде және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген мерзімдерде төлейді. Жалақы төленбеген жағдайда Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7. Жалақыны индекстеу тәртібі ұжымдық шартта белгіленуі мүмкін.

8. Ұжымдық шарттарда еңбекке ақы төлеу жүйесін белгілеу немесе өзгерту туралы Жұмыс берушінің актілерін шығару кезінде Жұмыскерлер окiлдерiнiң пiкiрiн ескеру көзделедi.

9. Разрядаралық коэффициенттің ең төменгі шегі кемінде 1,02 мөлшерінде белгіленуге тиіс, неғұрлым жоғары разрядаралық коэффициенттер ұжымдық шартта белгіленеді.

10. Еңбекті ынталандыру мақсатында Жұмыс берушінің Жұмыскерлерге кемінде төмендегі бір төлемді жүргізуге мүмкіндігі бар:

- еңбек сіңірген жылдары үшін сыйақы;
- жыл үшін кәсіпорындар жұмысының қорытындысы бойынша бір мезгілдік төлем (он үшінші еңбекақы);
- сыйлықақылар мен басқа да төлемдер.

Төлем төлеу шарттары мен тәртібі ұжымдық шарттарда айқындалады.

4. Жұмыс уақыты және демалыс уақыты

1. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша өзінің демалыс күндері кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өтетін Жұмыскерлерге оқуға нақты жұмсалған уақытына ақы төленеді немесе ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес басқа демалыс күндері беріледі.

2. Ұжымдық шарттарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында көзделмеген әлеуметтік демалыстар беру шарттары мен тәртібі көзделуге тиіс.

3. Жыл сайынғы негізгі ақылы еңбек демалысының ұзақтығы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгіленеді. Ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті жағдайлардағы еңбегі ондірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелерімен расталған Жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалыстары беріледі.

Ұжымдық шартта немесе Жұмыс беруші немесе Кәсіподақ арасындағы жекелеген келісімдерде көтермелеу сипатындағы қосымша демалыстар көзделуі мүмкін.

4. Жеке өтініші бойынша Жұмыскерге жалақысы сақталмайтын демалыс беріледі, оны берудің ұзақтығы мен негіздері ұжымдық шартта айқындалады.

5. Қалыпты жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 (қырық) сағаттан аспауы тиіс.

6. Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін Жұмыскерлер үшін Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекіткен өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес не Жұмыс берушінің жұмыс уақытының жиынтық есебін қолдану құқығымен аттестаттау нәтижелері бойынша аптасына 36 (отыз алты) сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді.

7. Жер асты жағдайларында жұмысты орындаудың күнделікті уақыты 6 (алты) сағаттан аспауы тиіс.

5. Жұмыспен қамту

1. Сала Жұмыскерлерін жұмыспен қамту мақсатында Кәсіподақтар Жұмыс берушіге тиімді жұмыспен қамту бағдарламаларын, сондай-ақ олармен байланысты кадрларды даярлау және қайта даярлау жоспарларын әзірлеуге жәрдемдеседі.

2. Кәсіпорын таратылған және Жұмыскерлер саны қысқартылған жағдайда Жұмыс беруші алдын ала, жоспарлы іс-шараларды іске асыру басталғанға дейін кемінде 2 (екі) ай бұрын босатылатын Жұмыскерлерді жұмысқа орналастыру бойынша өзара консультациялар жүргізу үшін кәсіподақтарды хабардар етеді.

3. Жұмыскерлердің саны немесе штаты қысқарған кезде кәсіпорын қолданыстағы заңнамада көзделген Жұмыскерлер санатынан басқа, жұмысқа қалдыруда:

– 16 (он алты) жасқа дейінгі балалары бар жалғыз басты аналарға (әкелерге);

– медициналық қорытынды болған кезде ұйымда жүріп еңбек жарақатын алған, кәсіптік сырқаттанған адамдарға;

– зейнеткерлік жасқа толғанға дейін 3 (үш) жыл және одан аз уақыт қалған зейнеткерлік жас алдындағы жұмыскерлерге;

– ұжымдық шартта айқындалған басқа да санаттарға басымдық беріледі.

4. Жұмыс беруші әрбір нақты жағдайда және мүмкіндік болған кезде өндірісте қайтыс болған немесе еңбекте мүгедектік алған адамның (күйеуі, әйелі, балалары) жұмыс істемейтін туыстарын жұмысқа орналастыруды, оқытуды (қайта оқытуды), егер мұндай жұмысқа орналастыру немесе қайта оқыту медициналық қорытынды және тиісті біліктілік болған кезде мүмкін болса, жүзеге асырады.

5. Бала күтімі бойынша демалыстан кейін жұмысқа кіріскен Жұмыскерлер Жұмыс берушінің бастамасымен және олардың келісімімен біліктілік дағдыларын қалпына келтіру мақсатында оқудан немесе басқа жұмыс орнына ауысқан кезде қайта даярлықтан өтеді. Біліктілікті арттыру (қайта даярлау) кезінде Тараптардың келісімі бойынша өтемақы төлемдері төленеді.

6. Жұмыс беруші өндірістік мүмкіндік болған кезде жүкті әйелдерге және 3 (үш) жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған адамдарға олардың жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыс істеу үшін жағдай жасайды.

7. Жұмыс берушінің жолдамасы бойынша бейіндік мамандықтар бойынша жоғары және орта оқу орындарында оқитын Жұмыскерлерге оқу үшін шартта, ұжымдық шартта немесе Жұмыс берушінің актісінде айқындалатын жағдайларда оқу орнының орналасқан жеріне және кейін қайту жолақысы төленеді.

8. Кәсіпорындағы экономикалық жағдайдың нашарлауына әкеп соққан өндіріс, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты Жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайда, жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған кезде, Жұмыс беруші халықты тиімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және өз бетінше жұмысқа орналасу мүмкіндігін беру мақсатында еңбек шартын бұзу туралы хабарлама жұмыскердің жазбаша өтініші негізінде тапсырылған кезден бастап жұмыскерге нақты жұмыс істеген уақыты үшін ақы толене отырып, жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығын белгілейді не жұмыскерге жыл сайынғы ақы толенетін еңбек демалысының пайдаланылмаған күндерін, ал олар болмаған кезде жалақы сақталмайтын демалыс күндерінің қажетті санын береді.

9. Медициналық қорытындыға сәйкес денсаулық жағдайы бойынша жарамды лауазымы (кәсібі) бойынша бос орындар болған кезде кәсіпорында алынған өндірістік жаракаттан немесе кәсіптік аурудан кейін еңбекке қабілеттілігін қалпына келтірген қызметкерлерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігін қарастыру.

6. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау

1. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында Жұмыс беруші және Кәсіподақтар еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту, өндірістік травматизм мен кәсіптік аурулардың алдын алу, жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайына ішкі және қоғамдық бақылау ұйымдастыру бойынша бірлескен іс-қимылдарды көздейді.

2. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау іс-шаралары әрбір кәсіпорында ұжымдық шартта тиісті тарауда ресімделеді.

Мүгедектік немесе өлімге әкелген еңбек қызметіне байланысты қайғылы жағдайлар мен кәсіптік аурулар кезінде зардап шеккен жұмыскерге немесе оларға құқығы бар адамдарға жұмыс беруші ұжымдық шартта және жұмыс берушінің актісінде көзделген мөлшерде және тәртіпте бір жолғы бір реттік өтемақы төлемдерін төлейді.

3. Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелері және аттестаттау комиссияның қорытындысы еңбек жағдайларын жақсарту, еңбекке ақы төлеуді негіздеу мен ауыр, зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарда істейтін Жұмыскерлерге жеңілдіктер мен өтемақылар беру бойынша іс-шаралар әзірлеу үшін пайдаланылады.

4. Жұмыс беруші еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға ішкі бақылау функцияларын орындау үшін қажетті жағдайлар жасайды, өз міндеттерін орындау үшін уақыт береді, көтермелеу шараларын қарастырады.

5. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасымен еңбекті қорғау жөніндегі техникалық қоғамдық инспекторларға берілген құқықтарды іске асыру мақсатында қауінсіздік талаптарын және өндірістік пен режимдік объектілерге бару ережелерін ескере отырып, жұмыскерлердің жұмыс орындарына рұқсаттама беруді қамтамасыз етеді.

6. Еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңінде еңбек міндеттерін орындауға байланысты өндірістік жарақат алған қызметкермен еңбек шарты бұзылған жағдайда, Жұмыс беруші еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ негізінде еңбек шарты бұзылғаннан кейінгі кезеңге тиесілі еңбекке уақытша жарамсыздық күндері үшін әлеуметтік жәрдемақыға тең мөлшерде өтемақы төлейді.

7. Жұмыс беруші арнайы киімді орталықтандырылған жуу, химиялық тазартуды ұйымдастыру және істен шыққанын алмастыру мақсатында ұжымдық шартта айқындалған жағдайларда және мөлшерде арнайы киімдердің резервтік (алмастыру) қорын құрады.

8. Жұмыс беруші қолданыстағы санитарлық нормалары мен ережелеріне сәйкес өндірісте саламатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын, цехтарда және бөлімшелерде тиісті санитарлық-тұрмыстық жағдайларды, температуралық режимді қамтамасыз етеді.

9. Жұмыс беруші жұмысқа жаңадан қабылданған Жұмыскерлерге жұмыс орнындағы еңбек жағдайлары мен қорғау, денсаулыққа келетін залалдың ықтимал тәуекелі, сондай-ақ зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардан қорғау бойынша шаралар, қажетті жеке қорғау құралдары туралы таныстырып, олар туралы ақпарат береді.

10. Жұмыс беруші жоралғылық қызметтер мен ұжымдық шартта белгіленген жағдайларда өндірістегі жазатайым оқиғадан қайтыс болған қызметкерді жерлеуді ұйымдастыруға көмек көрсетеді және қызмет ақысын төлейді.

7. Әлеуметтік кепілдіктер

1. Жұмыс беруші Жұмыскерге жұмысқа уақытша жарамсыздығы бойынша және ұжымдық шартта айқындалған жағдайларда айлық жәрдемақыға қосымша ақы белгілейді.

2. Жұмыскер өндірісте қайтыс болған жағдайда қайтс болған адамның отбасына салықтарды есепке алмағанда, кемінде 10 (он) жылдық жалақы сомасында біржолғы жәрдемақы төлеу. Қалған төлемдер «Еңбек (қызметтік) міндеттерді орындау кезінде қызметкердің денсаулығына келтірілген зиян үшін қызметкерді міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына

және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүргізеді. Жұмыскер өндірісте қайтыс болған жағдайда жәрдемақы төлеу туралы осы ереже ұжымдық шартта немесе Жұмыс беруші мен Кәсіподақ арасындағы келісімде немесе Жұмыс берушінің актісінде көзделуге тиіс.

3. Мемлекеттік, кәсіптік, өзге де мерекелер мен мерейтойлық күндерді мерекелеуге байланысты Жұмыс берушілер Кәсіподақтармен бірлесіп Жұмыскерлерді ведомстволық наградалармен марапаттау туралы ұсыныстар дайындайды. Жұмыс беруші сыйақыны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

«Кенші даңқы», «Шахтер даңқы» және «Еңбек даңқы» салалық кеуде белгісімен марапатталған кезде мына мөлшерде бір жолғы сыйлықақы төленеді:

- III дәреже – 30 АЕК;
- II дәреже – 45 АЕК;
- I дәреже – 60 АЕК.
- «Құрметті кенші» белгісімен марапатталған кезде – 100 АЕК;
- «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған кезде – 45 АЕК.

4. Жұмыс беруші балалар үйінен немесе оқу орнын аяқтаған соң жұмысқа алғаш орналасқан жетім балаларға ұжымдық шартта белгіленген мөлшерде бір жолғы жәрдемақы төлейді.

5. Жұмыс беруші бала тууына байланысты Жұмыскерге біржолғы жәрдемақы төлей алады. Жәрдемақы төлеу тәртібі мен мөлшері ұжымдық шартта, ал ол болмаған кезде Жұмыс берушінің актісінде айқындалады.

6. Жұмыс беруші ұжымдық шартта айқындалатын өндірістік жарақат алу, еңбек міндеттерін орындауға байланысты кәсіптік ауру нәтижесінде қайтыс болған не еңбек қабілетін жоғалтқан Жұмыскерлердің кәмелетке толмаған балаларына материалдық көмек көрсетуге құқылы.

7. Жұмыс беруші «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толуына байланысты еңбек шарты бұзылған кезде Жұмыскерлерге бір мезгілдік жәрдемақы төлейді. Жәрдемақы төлеу тәртібі, шарттары мен мөлшері ұжымдық шартта немесе Жұмыс беруші мен Кәсіподақ арасындағы жекелеген Келісімде айқындалады.

8. Жұмыс беруші спорттық және мәдени-бұқаралық шараларды қоса алғанда, жұмыскерлерді сауықтыру жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ ұжымдық шартта немесе Жұмыс беруші мен Кәсіподақ арасындағы жекелеген келісімде айқындалатын шарттарда және мөлшерде Жұмыскерлер балаларының бос уақытын ұйымдастыруға және сауықтыруға бағытталған жобаларды қаржыландырады.

9. Жұмыс беруші Жұмыскерлерді жерлеуге біржолғы жәрдемақы төлейді. Жәрдемақының мөлшері мен төлеу тәртібі ұжымдық шартта немесе Жұмыс беруші мен Кәсіподақ арасындағы жеке келісімде айқындалады. Осы тармақтың қолданысы кәсіпорынның бұрынғы Жұмыскерлері қатарындағы зейнеткерлерге қолданылуы мүмкін.

10. Жұмыс беруші Кәсінодақтармен бірлесін Жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелеріне атаулы әлеуметтік қолдау көрсетеді. Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері мен тәртібі ұжымдық шартта айқындалады.

11. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Бас және осы Келісімдерде көзделмеген қосымша кепілдіктер ұжымдық шартта немесе Жұмыс берушінің актісінде белгіленеді.

8. Жастармен жұмыс

1. Ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасқан кезде Тараптарға жастар қатарындағы жұмыскерлердің әлеуметтік, еңбек және олармен байланысты экономикалық құқықтарын қорғау бойынша ережелерді көздеу ұсынылады, онда мынадай ережелер қамтылуы тиіс:

– жастар қатарынан басшылық лауазымдар резервін қалыптастыру және оларды оқыту;

– жастар қатарынан шыққан Жұмыскерлерге олардың сала кәсіпорындарындағы жұмысының бірінші жылында тәлімгерлер бекіту, жастармен жұмыс жасағаны үшін тәлімгерлерге ұжымдық шарттарда айқындалған талаптарда қосымша ақы белгілеу;

– жұмысқа алғаш кіріскен жастар қатарынан шыққан Жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау шараларын бекіту.

2. Жұмыс беруші оқушылар мен студенттерді өндірістік практикаға қабылдайды және олардың ішінде дуальды оқу шарттарын жасасқан адамдармен жұмыс уақытына ақы төлейді.

3. Ұйымдарда мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша Тараптардың бірлескен қызметіндегі басым бағыттар мыналар болып табылады:

– жас жұмысшыларды бейімдеу және кәсіпорындарға бекіту бойынша тиімді бағдарламалар әзірлеу және іске асыру;

– жас жұмысшыларды олардың кәсіби біліктілігін артыруға және мансаптық өсуін ынталандыру;

– өндіріс сапасын жақсарту, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау бойынша жаңашылдық ұсыныстар мен басқа да ұсыныстар беретін жас жұмысшыларды көтермелеу;

– жас жұмысшылардың шығармашылық белсенділігін дамытуға қолдау көрсету;

– жастар демалысы, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмысты ұйымдастыру бойынша белсенді іс-қимылдар.

4. Тараптарға жас жұмысшы кадрларын қолдау мақсатында еңбек төлемі туралы ережеде олардың еңбегін, әсіресе жұмыстың алғашқы 3 (үш) жылы ішіпде ынталандыру тетігін көздеу ұсынылады.

5. Тараптар кәсіпорындарда тәлімгерлікті және еңбек әулеттерін дамытуды камтамасыз етеді.

9. Кәсіподақтар қызметіне арналған кепілдіктер

1. Жұмыс беруші Кәсіподақтарға, олардың кәсіподақ органдарына ұжымдық шартта көзделген жағдайларда немесе Тараптардың жазбаша келісімі бойынша:

- үй-жай, автокөлік, ішкі, желілік және қалааралық байланыс құралдарын, ұйымдық техника;
- ішкі радиотарату құралдарын және теледидар, көп тиражды баспасөзді пайдалану мүмкіндігін;
- жиналыстар, конференциялар және кәсіподақтың басқа да іс-шараларын өткізуге арналған үй-жай ұсынады.

Жұмыс беруші Кәсіподақтың кәсіпорында ақпараттық материалдарды орналастыру қызметіне кедергі жасамайды.

Ұжымдық шартта Кәсіподақ қызметін жақсартатын басқа да шарттар көзделуі мүмкін.

2. Жұмыс беруші кәсіпорында қолданылатын еңбек құқықтарын, кепілдіктерді, жеңілдіктерді, сыйақы жүйесі мен көтермелеу төлемдерін кәсіподақтың сайланбалы және жалданбалы Жұмыскерлеріне ұжымдық шартта айқындалатын тәртіппен қатысты етуге құқылы.

3. Тараптардың келісімі бойынша және Кәсіподақ мүшесі болып табылатын Жұмыскерлердің жазбаша өтініші болған кезде Жұмыс берушікелесі айдың бірінші он күндігінен кешіктірмей айына кемінде 1 (бір) рет Кәсіподақ шотына Жұмыскерлердің жалақысынан ұсталатын кәсіподақтың мүшелік жарналарын аударады.

4. Жұмыс беруші сайланбалы кәсіподақ органдарының негізгі жұмыстан босатылмаған мүшелеріне оларға жүктелген міндеттерді орындауға арналған уақыт ұсынады. Негізгі жұмыстан босату шарттары мен кәсіподақ органдарының басқа мүшелерінің, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөніндегі өндірістік кеңестегі кәсіподақ өкілдерінің кәсіподақ міндеттерін орындау уақыты төлемінің тәртібі ұжымдық шартта айқындалады. Кәсіподақтың сайланбалы органдарында кәсіподақ шақыратын съезд, конференция делегаттары ретінде немесе қысқа мерзімді кәсіподақ оқуына қатысу үшін жұмыс беруші бұл іс-шараға қатысушыларды жалақысын сақтай отырып, іс-шараның толық ұзақтығы уақытына жұмыстан босатады.

5. Сайланбалы кәсіподақ органдарының негізгі жұмыстан босатылмаған мүшелері өзі мүшесі болып табылатын кәсіподақтың дәлелді (келісілген) пікірінсіз тәртіптік жазаланбауы тиіс. Негізгі жұмыстан босатылмаған кәсіподақ басшысы (төрағасы) жоғары тұрған кәсіподақтың дәлелді (келісілген) пікірінсіз тәртіптік жауапкершілікке тартылмауы тиіс.

6. Өндірістік кеңес техникалық инспекторлардың құқықтары мен міндеттерін және оларды көтермелеу шарттарын айқындайды.

7. Жұмыс беруші өндірістегі жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияға, сондай-ақ еңбек дауларын қарау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысу үшін Кәсіподақтардың босатылмаған өкілдерінің жалақысын сақтайды және басқа жерге іссапар шығыстарын төлейді.

8. Ұжымдық шарттар шеңберінде Тараптар қоғамдық бақылау жүргізу шарттары мен тәртібін сөздеуі мүмкін.

9. Кәсіподақ ұжымдық шартта немесе Жұмыс беруші мен Кәсіподақ арасындағы келісімде көзделген кезеңділікпен Жұмыс беруші бөлетін нысаналы ақша қаражатын пайдалану туралы есептілікті ұсынады.

10. Келісімнің орындалуын бақылау және жауапкершілік

1. Тараптар осы Келісімнің орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Тараптардың осы Келісімді орындамағаны үшін жауаптылығы Қазақстан Республикасы заңнамасының негізінде жүзеге асырылады.

2. Осы Келісім орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған жағдайлар анықталған кезде Тараптарға жазбаша ұсынулар жіберіледі. Тараптар мұндай ұсынуларды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей мәселенің мәні бойынша өзара консультациялар өткізуге міндетті. Өзара консультациялар барысында қабылданған шешімдер жазбаша ресімделеді және барлық Тараптар үшін міндетті күші болады. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген жағдайда келіспеушілік хаттамасы толтырылады, одан соң даулы мәселелер қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешіледі.

3. Осы Келісімді іске асыру барысында туындайтын барлық даулы мәселелер әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Салалық комиссия отырысында шешіледі.

Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Салалық комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына 2 (екі) реттен сирек емес өткізіледі.

4. Осы Келісім Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден бірдей заңды күші бар 7 (жеті) данада жасалды, бір данасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес хабарламалық тіркеуден өту үшін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде қалады.

Тараптардың қолдары:

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі



А. Ержанов

Тау-кен өндіруші және тау-кен
металлургия кәсіпорындарының
республикалық қауымдастығы
(ТМКҚ)




Н. Радостовен

«Богатырь Көмір» ЖШС
Бас директоры



Н. Корсаков

«Қазкөміркәсіп» салалық
кәсіби көміршілер одағы



М. Миргаязов

«Қазкәсіподақметалл» салалық
тау-кен металлургия кәсіптік одағы



А. Нуралин

Көмір өнеркәсібі жұмыскерлерінің
салалық кәсіподағы



М. Никифоров

С протоколом к документам

*ВР Еубек және қалыптау нәулеттік
қорғау министрлігіне 2021ж. 15 сәуірде
№42 тіркелді*

Таштемиров М.

ОТРАСЛЕВОЕ СОГЛАШЕНИЕ
между Министерством индустрии и инфраструктурного развития
Республики Казахстан, Работодателями и Отраслевыми профсоюзами
угольной промышленности Республики Казахстан
на 2021-2023 годы

1. Общие положения

1. Настоящее Отраслевое соглашение (далее – Соглашение) заключено между Министерством индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (далее – Министерство), Работодателями (далее – Работодатель) и Отраслевыми профсоюзами угольной промышленности Республики Казахстан (далее – Профсоюз) на 2021-2023 годы.

2. Действие настоящего Соглашения распространяется на Стороны Соглашения, которыми являются: Министерство, Профсоюзы и Работодатель.

3. Настоящее Соглашение является правовым актом, определяющим общие принципы регулирования социальных, трудовых и связанных с ними экономических отношений, взаимные обязательства и ответственность Сторон, устанавливающим дополнительные социальные и трудовые гарантии для Работников предприятий угольной отрасли, а также обеспечивающим оптимальный баланс интересов Сторон. Министерство и Работодатель признают Профсоюз, а в случае их отсутствия выборных представителей Работников, защитниками трудовых, социальных прав и интересов Работников угольной отрасли.

4. Настоящее Соглашение заключено в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О профессиональных союзах» и иными нормативными правовыми актами, Генеральным соглашением между Правительством Республики Казахстан, республиканскими объединениями работников и работодателей, а также Конвенциями Международной организации труда, ратифицированными Республикой Казахстан.

5. Настоящее Соглашение заключено на 2021-2023 годы, вступает в силу с 1 января 2021 года и действует по 31 декабря 2023 года включительно.

6. В период действия настоящего Соглашения каждая из Сторон вправе вносить предложения по его изменению и дополнению, которые могут быть приняты только по согласию всех Сторон. Внесенные изменения и дополнения оформляются приложением к настоящему Соглашению и являются его неотъемлемой частью.

